

## Дәрілік препараттар мен фармацевтикалық субстанциялардың тұрақтылығын зерттеуге қойылатын талаптардың 5-тармағына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 86 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 30-бабына, 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімнің 3-бабының 2-тармағына және 6-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 10 мамырдағы № 69 шешімімен бекітілген Дәрілік препараттар мен фармацевтикалық субстанциялардың тұрақтылығын зерттеуге қойылатын талаптардың 5-тармағының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"серияны өндіру күні" – белсенді фармацевтикалық субстанцияны дәрілік препараттың басқа құрамдастарымен араластыруды қоса алғанда, бірінші операцияны орындау күні. Бастапқы қаптамадағы бір фармацевтикалық субстанциядан тұратын дәрілік препараттар үшін өндірілу күні орап-буудың (бастапқы қаптаманы толтырудың) бастапқы күні болып есептеледі;"

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*